

«БД011300 – Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Аманбаева Махаббат Батырғалиқызының «Болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс - әрекетін қалыптастыру әдістемесі» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына рецензенттің

ПІКІРІ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламаларымен байланысы.

Бүгінгі Қазақстанның даму кезеңінде ғылым мен білімнің өзара байланысы, оның тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттырудың, экономикалық өсуінің басты қозғаушы күші болып отырғандығы анық. Осыған байланысты мемлекеттің ғылыми-техникалық потенциалының өсуі, жоғары оқу орындарында зерттеу іс - әрекеттерінің нәтижелілігі мен дамыту деңгейін көтеруді қажет етіп отыр.

Сондықтан, жоғары педагогикалық оқу орындарының маман даярлаудағы басты міндеттерінің бірі, болашақ мұғалім қалыптасуының оңтайлы жолдарын ұсыну, оны қамтамасыз ететін білім беру құралдары мен әдістерін таңдау, әдістемесін дайындау болып табылады. Бұл міндетке сәйкес, әлемдік білім беру кеңістігінде тек ақпарат жиынтығын меңгертумен шектелмей, іс-әрекетін өздігінен тиімді ұйымдастыра отырып, шығармашылықпен жұмыс атқара алатын, күнделікті өзгерістерге тез бейімделетін, жан-жақты интеграциялық білімге құмар, өздігінен креативті іс-әрекеттер жасай білетін, жеке болмыстық сапасы жетілген, білім беруді зерттеушілік тұрғыдан ұйымдастыра білетін болашақ мұғалім даярлау қажеттілігі туындап отыр. Бұл ретте, Аманбаева Махаббат Батырғалиқызының болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс - әрекетін қалыптастыру мәселелеріне назар аударуы уақыт талабына сай, өзекті зерттеу болып табылады.

Диссертациялық жұмыста Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы» Заңдарын, ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы Жолдауында білім саласына қатысты қарастырылған мәселелері және бірқатар нормативтік құжаттардың негізге алынуы зерттеудің жалпы мемлекеттік бағдарламаларымен байланыстылық дәрежесін көрсетеді.

Осы өзекті мәселелер төңірегінде зерттеу мақсаты мен міндеттерін, нысаны мен пәні, зерттеу әдістерін нақты айқындай отырып, ізденуші диссертациялық жұмыстың негізделген түйіндері мен қорытындыларын екі бөлімге жинақтай алған.

Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Диссертант зерттеу жұмысының алдына қойылған мақсат пен міндеттерді жүзеге асыру барысында бірнеше нәтижелерге қол жеткізген.

1) Болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісіндегі зерттеушілік іс - әрекет ұғымы мен оны қалыптастыру бойынша ғылыми-әдістемелік еңбектерге

талдау жасаған. Талдау нәтижесінде «іс-әрекет», «ғылыми зерттеу іс-әрекеті», «оқу зерттеу іс-әрекеті» ұғымдары мағынасын саралап, «болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс - әрекеті» түсініктемесіне өзіндік анықтама берген. Зерттеу нәтижесінде ұсынылған *бірінші нәтиже* болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалған.

2) Зерттеудің *екінші нәтижесі* ретінде насекомдардың биологиялық, экологиялық, тіршілік ерекшеліктері, практикалық маңызы мен зиянды әсерлері туралы ақпараттарға ғылыми - теориялық талдау жасау және жеке зерттеу нәтижесінде анықталған материалдарды пайдалану негізінде болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс - әрекетін қалыптастырудың құрылымдық - мазмұндық моделінің жасалуы, оның құрылымы мен қызметінің нақтылануы, компоненттерінің, өлшемдерінің және деңгейлерінің анықталуын атап көрсетуге болады.

3) Зерттеу жұмысының *үшінші нәтижесі* болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастырудың (насекомдардың биологиялық, экологиялық, тіршілік ерекшеліктерін зерттеу материалдары мысалында) мазмұны анықталып, әдістемесі жасалған.

4) Диссертациялық жұмыстың *төртінші нәтижесі* болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыру әдістемесінің тиімділігі эксперимент жүзінде тексеріліп, дәлелденгендігі және оқу үдерісіне ендірілгендігі деп санаймыз.

Ізденуінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Зерттеу жұмысының *бірінші нәтижесінің шынайылық дәрежесі* - ізденуші болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастырудың теориялық негіздерін айқындауда нормативтік құжаттарда көрсетілген міндеттерге сәйкес негіздеген, сонымен қатар отандық, шетелдік ғылыми - әдістемелік еңбектерге талдау жасап, жеке ойын тұжырымдаған және өзіндік теориялық қорытындылар жасаған.

Екінші нәтиженің шынайылық дәрежесі - болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс - әрекетін қалыптастыру кезеңдер бойынша (анықтау, түсіндіру, қалыптастыру) өзара бір-бірімен байланысты: максаттық, мазмұндық, іс-әрекеттік, нәтижелік компоненттерден тұратын құрылымдық - мазмұндық модельге сәйкес жүзеге асырылған.

Үшінші нәтиженің шынайылық дәрежесі - диссертациялық жұмыстың мазмұнын анықтау оқу мазмұны мен қазіргі ғылым дамуының сәйкестігі бойынша сипатталған. Теориялық білім мен тәжірибелік біліктің біртұтастығы, насекомдардың биологиялық, экологиялық, тіршілік ерекшеліктері, практикалық маңызы мен зиянды әсерлерін зерттеу мен зерттеу нәтижелерін оқу үдерісі мазмұнымен оңтайлы байланыстыру жағдайында жоспарлау мүмкіндігі, әр-түрлі деңгейдегі зерттеушілік тапсырмаларды орындау арқылы жүзеге асырылған. Бұл мазмұнды ұсынуда насекомдар (Insecta) класы туралы ғылыми - теориялық мәліметтермен қатар.

ізденушінің оқу-далалық және зертханалық жағдайда өздігінен жүргізген зерттеу нәтижесінде анықталған материалдар пайдаланылған. Болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс - әрекетін қалыптастырудың тиімді әдістері айқындалып, әдістемесі жасалған және 5B011300-Биология мамандығының I курс студенттерінің оқу үдерісіне ендірілген.

Болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс-әрекетті қалыптастыру әдістемесінің эксперимент жүзінде тексеріліп, анықталған нәтижелерге талдау жасалып, тиімділігінің дәлелденуі мен оқу үдерісіне ендірілуі зерттеу жұмысының *төртінші нәтиженің шынайылық дәрежесін* көрсетеді.

Диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиженің (кағиданың) және қорытындылардың жаңалық дәрежесі.

Бірінші нәтиженің жаңалық дәрежесі - жоғары оқу орындарында зерттеушілік іс - әрекетті қалыптастыруға қатысты жазылған ғылыми еңбектерге жан-жақты талдаулар жасалып, нақты болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс - әрекетін қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалған.

Екінші нәтиженің жаңалық дәрежесі - болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс - әрекетін қалыптастырудың мақсаттық, мазмұндық, іс-әрекеттік, нәтижелік компоненттерден құралған құрылымдық- мазмұндық моделі ұсынылған.

Болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс - әрекетін қалыптастырудың (пасекомдардың биологиялық, экологиялық, тіршілік ерекшеліктері және практикалық маңызы мен зиянды әсерлерін зерттеу материалдары мысалында) мазмұны мен әдістемесі ұсынылып, жана «Энтомологиялық зерттеушілік іс - әрекет негіздері» элективті пәнінің оқу үдерісіне ендірілгендігі *үшінші нәтиженің жаңалық дәрежесін* аңғартады.

Төртінші нәтиженің жаңалық дәрежесі - болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс - әрекетін қалыптастыру әдістемесі тексеріліп, тиімділігі эксперимент жүзінде дәлелденген.

Диссертациялық жұмыс нәтижелерінің теориялық және практикалық маңыздылығы.

Диссертациялық жұмыс нәтижесінде:

- болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалған;

- болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс - әрекетін қалыптастырудың құрылымдық - мазмұндық моделі жасалған;

- болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс - әрекетін қалыптастырудың (пасекомдардың биологиялық, экологиялық, тіршілік ерекшеліктері және практикалық маңызы мен зиянды әсерлерін зерттеу материалдары мысалында) мазмұны анықталған және әдістемесі жасалған;

- «Энтомологиялық зерттеушілік іс - әрекет негіздері» элективті пәнінің оқу бағдарламасы, оқу-әдістемелік кешені әзірленген және оқу үдерісіне ендірілген;

- «Алтын - Емел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі үшін алғаш рет жартылай қаттықанаттылар (Heteroptera) огрядының 3 тұқымдасынан 8 түрі анықталып, парктің омыртқасыз жануарларының тізіміне ендірілген;

- «Ғылым жетістіктері - биологиялық білім беру кеңістігінде» атты оқу - әдістемелік құралы дайындалған.

Диссертация бойынша кемшіліктер мен ұсыныстар.

Диссертациялық жұмыстың жоғарыда аталып кеткен жетістіктерімен қатар, мынадай ұсыныстарымызды атап өтуді жөн көрдік. Олар:

1) Отандық жоғары және орта білім беру бағдарламаларына сәйкес, зерттеушілік іс-әрекетті дамыту басты назарда. Сондықтан, диссертациялық жұмыстың өзектілігін тағыда нақтылып, әліде болса күшейте түсу артық болмас еді.

2) Зерттеу мәселесі бойынша теориялық талдауда шетел ғалымдарының еңбектеріне (басым көпшілігі Ресей ғалымдары) көп сілтемелер жасалған. Осы тұста тақырыпқа сай Қазақстандық ғалымдардың еңбектеріне көбірек талдау жасалса, диссертациялық жұмыс мазмұны тереңірек ашыла түсер еді.

3) Диссертациялық жұмыста ішінара қайталаулар мен рәсімделуінде кейбір стилистикалық және орфографиялық қателер кездеседі.

Айтылған кемшіліктер ұсыныстар түрінде берілгендіктен, диссертациялық жұмыстың ғылыми құндылығын төмендетпейді.

Диссертацияның «Ғылыми дәрежелер беру қағидаларының» талаптарына сәйкестігі.

«6D011300 – Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Аманбаева Махаббат Батырғалиқызының «Болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс - әрекетін қалыптастыру әдістемесі» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысының ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы дәйекті, өз бетімен орындалған, жан-жақты зерттелген қолданбалы мәні бар, аяқталған жұмыс деп есептеп, оның авторын «6D011300 – Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

**Биология ғылымдарының докторы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің профессоры**

С.Т. Тулеуханов

